

# Берекемі жыл болсын!

Аялаймын сені, Қызылорда!



## Ақмешіт

31 желтоқсан  
сейсенбі

№103 (2113)

2024 жыл

### апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)



■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

## Жақсылыққа толы жыл болғай!

Сынаптай сырғыған уақыт тағы бір жылдың аяқталып, жаңа жыл келіп қалғанын көрсетіп тұр. Күңтізбенің жаңа парағы. Жаңа жыл. Жаңа ай. Жаңа күн. Біз де газетіміздің жылжабар нөмірін №103 санмен аяқтағалы отырмыз. Көзі қаракты оқырманға белгілі, биыл «Ақмешіт апталығы» газеті үшін мерейлі жыл болды. Қазақ «орда бұзар» жас деп теңеген отызды еңсерген басылым қамал алар жасқа қадам басты.


Бүгін мына бір ақпаратты көзім шалып қалды. Исмаилия қаласының тұрғыны Эдвард Гендидің газет-журнал сататын дүкені бар екен. Бұл әкеден балаға мұра болып қалған. Өткен ғасырдың 50-жылдарында ашылған бұл дүкен қазір де жұмыс істеп тұр. Сол қаладағы ең көне саналатын бұл дүкеннің өз тұтынушылары бар екен. Бір сәт толассыз ақпараттан демалып, жаныңа жылулық сыйлайтын, рухани байытатын дүниелерді оқып демалғанға не жетсін! Оқырман ретінде өзім де газет-журнал оқысам, бір сергіп қаламын. Бұл орайда оқырманға қандай жақсы дүние берсек екен деген ой бір сәтке миымыздан шыққан емес. Жыл аяқталар тұста жыл бойы газетте қандай дүние бергенімізді қайталап айтып жату артық болар. Ниетіміз – оқырман көңілінен шығу. Ең бастысы, 2024 жыл «Ақмешіт апталығы» газеті үшін олжалы жыл болды десем артық айтқандық емес, себебі газеттің оқырманы көбейді. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Келер жылы да оқырман саны көбейе түседі деген үлкен үмітіміз бар. Үміт ақталсын!

Айтпақшы, жақында «Facebook» парақшасы арқылы газет оқуды насихаттау мақсатында бастама көтерген едік. Бастамамызды іліп әкетіп, газет оқитындар туралы әдемі пост, пікір жазғандар аз болған жоқ. Бір қызығы, оқырман хатынан байқағанымыздай, баланы жастайынан оқуға құштар ететін, білімді болуға ынталандыратын әке тәрбиесі екенін байқадық. Өзі үлгі болып газет-журнал, кітап оқитын әкенің балалары да оқуға құштар болатыны көп нәрсені айтқызбай-ақ аңғартқандай. Уәде бергеніміздей, газет оқу туралы мазмұнды пост, пікір жазған 5 адамға «Ақмешіт апталығы» газетін тегін жазып бердік.

Жаңа жылдан жақсылық, үлкен үміт күтетініміз белгілі. Жаңа жыл әр отбасына күт боп еңсін! Жаңа жылда қайта жолыққанша, құрметті оқырман! Жаңа жылда сүйікті басылымыңызбен қайта қауышып, хат жазып тұрыңыз!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

## БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР МЕН ЖАСАМПАЗ ЖОБАЛАРДЫҢ ОРДАСЫ



Ұлу жылы ел үшін табысты жыл болды. Әсіресе Қызылорда қаласы тұрғындарының арманы орындалған жыл десек артық айтқандық емес. Жыл аяқталар тұста бір жылда Сыр елінің бас шаһарында жүзеге асқан жобалар мен байыпты тірліктерге шолу жасағанды жөн көрдік.

2-3-БЕТТЕРДЕ

■ ОЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

## Қабілетін кәсіпке айналдырған

Көпбалалы ана Анар Романова жаңа жыл қарсаңында кондитерлік цех ашып, тұрғындарға дәмі тіл үйіретін ғаламат өнімдерді ұсына бастады. Шаһардың Титов шағын ауданының тұрғындары үшін бұл – үлкен қуаныш. Олар енді күн сайын жақын жерден пештен жаңа шыққан нан өнімдерін алу мүмкіндігіне ие болды.

Анар – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, әрі қаржыгер. Бірақ оған несібе жеке кәсіптен бұйырыпты. Жолдасы екеуі біраз уақыт бұрын Елордаға қоныс аударып, Сарыарқа төрінен шағын кафе ашқан болатын. Жолдасы – мемлекеттік қызметкер. Ал жеке кәсіп – отбасылық табысты арттырудағы Анардың идеясы. Жақында туған жерге қайта оралғанда да Анар кәсіпті қолға алып, тың идеяны ойлаған.

– Астанадан кафе ашқанда нан өнімдерін, жалпы кондитерлік өнімдерді өзім пісірдім. Бұл маған өзімді жаңа қырымнан тануыма сеп болды. Сондықтан Қызылордаға келгенде өзіме таныс осы кәсіпке білек сыбана кіріскім келді. Келе сала кәсіп бастау үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін іздей бастадым. Оны жүзеге асыратын қаржы институттарының жұмысымен танысу барысында «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығының ұсынған бағдарламасы ұнады. Осылайша аталған орталықтан мемлекеттік бағдарламамен 30 млн теңге жеңілдетілген несие алдым. Жылына 6 пайыз ғана қосылады. Бұл мен секілді кәсіпкерлерге өте жақсы қолдау, – дейді Анар Романова.

Анар бұл қаржыны аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруды тапсырған облыс әкімінің пилоттық жобаның аясында алды.



– Жеңілдетілген несиеге Қызылорданың әзірге екі жерінде кондитерлік цех ашудамын. Бірі – сол жағалаудан, екіншісі Титов шағын ауданында орналасқан. Жұмысымызды бастағанымызға екі апта болды. Ал ресми түрде енді ашып жатырмыз, – дейді кәсіпкер.

Кондитерлік цех әзірге күніне 400-500 дана нан өнімдерін шығарады. Әсіресе тұрғындар ыстық тапа нанды жиі сұрайды екен. Ашылғанына көп болмаса да күніне 120-170 данаға дейін сатылуда. Титов мөлтек ауданынан ашылған кәсіпкерлік нысан «ORDA BAKERY» тәттілер мекені деп аталады.

– Кондитерлік цехымын ерекшелігі – нан өнімдерін жасанды ашытқысыз дайындайтынымызда. Тұтынушылар да осы қадамдымызға алғысын білдірді. Мемлекет қолдауының арқасында 5 жұмыс орнын аша алдым. Алда бұдан да үлкен жоспарым бар, – дейді кейіпкеріміз.

Дәулет ТҰРСЫНХАН



■ ЖЫЛ ОЛЖАСЫ

## АЛТЫН ДОМБЫРА – СЫР ЕЛІНДЕ

Тәуелсіздік күні қарсаңында «AMANAT» партиясының қолдауымен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өтті. «Төрлет, еңбек адамы» тақырыбындағы дәстүрлі дода биыл еңбек адамын ұлықтауға арналды.

«Айтыс – бабадан қалған байрақты өнер. Ғасырлар қойнауынан жеткен кәсіпкерлі қазынамызды ұлықтау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ кәсіпкерлі парыз. Бағы мен бабы келіскен шын жүйріктер сыңға түсіп, екі күнге созылған жыр аламанында қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені қызылордалық Мейірбек Сұлтанхан иеленіп, оған «Алтын домбыра» және автокөлік табысталды. Осылайша, жылдың керемет тартуы алтын домбыра тағы да Сыр елінің қоржынына түсті.



# БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР МЕН



## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР БІРЛІК ПЕН ТАТУ ТІРЛІКТІҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

Қызылорда қаласы бүгінде дамудың жаңа кезеңіне қадам басып, халық сұранысын қанағаттандыру жолында жасампаз жобаларды жүзеге асырды. Бұл жыл – Сыр жұртшылығы үшін берекелі де табысты жыл болды. Қаламыздың әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенді жұмыстар атқарылды.

Биылғы жыл – елімізде соңғы кездері қабылданған саяси реформалардың жүзеге асырылуымен ерекшеленді. Атырау қаласында ұлт рухын көтерер Ұлттық құрылтайдың үшінші басқосуы өтті.

Жерлестеріміз тарихи шешім қабылдап референдумда өз таңдауын жасады. Маңызы зор саяси шараларда қызылордалықтар бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, алдыңғы қатардан көрінді.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының және аймақ басшысының үйлестіруінің нәтижесінде бүгінгі күні облысымыздың бюджеті 750 млрд теңгеге жетіп, өсім 206 пайызды құрады. Осыдан екі жарым жыл бұрын аймақ бюджеті 364 млрд теңге болатын. Қаламыздың бюджеті жыл басында 58,2 млрд теңгемен бекітілсе, жыл қорытындысымен 113,1 млрд теңге болды, яғни 94,3 пайызға артты.

Бүгінде айрықша серпінмен дамып келе жатқан қалада үлгі етер істер көп. Түйткілді мәселелер мұнда түбегейлі шешімін тауып, көркейген шаһар өркеніетке қарышты қадам жасауда. Бүгінде облыс орталығында атқарылған жұмыстар мен қолға алынған оң бастамалар жетерлік. Қазіргі таңда Қызылорда қаласы байыпты бастамалар мен жасампаз жобалардың ордасына айналуда.

## ЖОСПАРЛАНҒАН ҚАРЖЫ ТОЛЫҚ ИГЕРІЛДІ

Сыр өңірі барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орынға шықты. 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында негізгі макроқорсеткіштер бойынша өсім қалыптасты. Жыл сайын жүйелі жұмыстар жүргізіліп, жоспар бойынша бөлінген қаржы тиімді игеріледі. Әр түрлі сала бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіліп, Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттер жүзеге асырылуда.

Қызылорда қаласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 260 млрд теңгені құрап, 111,8 пайызға артты. Құрылыс жұмыстарының көлемі 127 млрд теңгені құрап 171 пайыз, бөлшек сауда көлемі 390,9 млрд теңгені құрап 105,6 пайыз өсім алды.

Биылғы жылы 8 298 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып, мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күріштің 3 856 гектарынан алынған өнім 51,5 центнерді құраған. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнім көлемі 14,8 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 103 пайыз болды.

Сондай-ақ құны 30 млрд теңгеге облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1409 жобасы қаржыландырылған.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» АЛҒА ОЗДЫ

Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 142 млн теңгеге 16 жоба жүзеге асты. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуді дамытуға бағытталған пилоттық жобасы аясында 374 млн теңгеге 17 жаңа өндіріске қолдау көрсетілді.

Ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы аясында әлеуметтік табысын арттыруға, аграрлық бизнесті түлетуге мол мүмкіндік туып тұр. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қабылданған бұл жоба халықтың әл-ауқатын жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу үшін берілген мүмкіндік. Осының нәтижесінде қалада оң өзгеріс қалыптасып, кәсібін дөңгелеткісі келген кәсіпкерлер қатары көбейген. «Ауыл аманаты» бойынша атқарылған жұмыстар алға озды. Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 млрд теңгеге өнім өндірілді.

Айта кетейік, Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Сыр өңіріне ресми сапарында жүзеге асқан жобаларға оң бағасын беріп, Қызылорда облысын өзге аймақтарға үлгі етті. 2023-2024 жылдары экономиканың барлық саласында 13 361 азамат жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етілді.

## ЖҰМЫСШЫ МАМАН ДАЙЫНДАУҒА КӨҢІЛ БӨЛЕМІЗ

Ел Президенті биылғы Жолдауда 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалауды тапсырды. Жұмысшы мамандықтарын дәрiптeу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясы жүзеге асады.

Мемлекет басшысының айтуынша, кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Осыған орай, аймақ басшысының бастамасымен еңбек нарығына қажетті кадрлар даярлауға «Мамандықтар атласы» әзірленді. Бұл өз тиімділігін берері сөзсіз.

## ЕҢ АУҚЫМДЫ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Халықтың сапалы өмір сүруі үшін әлеуметтік мәселелерді шешу бірінші орында екені анық. Биыл

да тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында тиісті шаралар қабылданды. Осы тұрғыда таза ауызу, тұрғындарды ыстық сумен қамту жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Атап айтсақ, электр энергиямен қамту бағытында құны 4,8 млрд теңгеге 9 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі 62 пайызға дейін төмендеді.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің тікелей қолдауымен, облыс әкімінің үйлестіруімен қалада 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы салынууда. Инвестор – «Акса Энерджи» түрік компаниясы. Жаңа жылу электр станциясы – мемлекетіміздегі инвестор қаржысына салынған ең ауқымды жобалардың бірі. Ол келер жылы ел игілігіне табысталады деп жоспарланған.



## ЖЫЛ КӨЛІГІ

## ҚАУІПСІЗ ЭКОТАКСИ

Қалалықтар үшін бүгінде қоғамдық көлік мәселесі шешімін тапты деуге болады. Қалаішілік көлік қатынасын одан әрі жетілдіру мен қоршаған ортаны ластаудан қорғауда елеулі қадам жасалып, экотаксилер де қызмет көрсете бастады. Облыстық бюджеттен бұл мақсатқа 1 млрд теңге қаржы бөлінді. Электр қуатымен жүретін таксилер 1,5 сағатта 100 пайыз қуатталады. Бүгінде қалаішілік бағытта 52 экотакси қызмет көрсетуде. Болашақта экотакси саны 100-ге жетпек. Осылайша қызылордалықтар үшін экотакси қызметін енгізу экологиялық жағдайды жақсарту жолындағы маңызды қадам болмақ.

## ЫСТЫҚ СУМЕН ҚАМТУ ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛЕДІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өткен жылдың қазан айында өңірімізге жасаған жұмыс сапарында қала дамуына оң бағасын беріп, бірқатар тапсырма жүктегені белгілі. Оның ең өзектісі – қаланы ыстық сумен қамтамасыз етуге бағытталды. Мемлекет басшысының қолдауымен тұрғын үйлерге ыстық су беру екі кезең бойынша жүзеге асады. Қазір мақсатты жоспарға сәйкес Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Жоба құны – 26 млрд 200 млн теңге. Келесі жылу беру маусымында қаламыз толық ыстық сумен қамтылады.

Одан бөлек «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 7,6 млрд теңгені құрайтын 29 жоба жүзеге асырылуда. Оның биылғы жылға қаралған қаражат көлемі – 3,6 млрд теңге.

Сонымен қатар ауылдарды газдандыру жұмысы жүйелі жүреді. Мәселен, Ақжарма елді мекені биылдан қалмақ «көгілдір отынға» қосылады. Сонымен қатар 3,1 млрд теңгеге Сабалақ саяжайын және 631 млн теңгеге қалада газ желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандарды газдандыру жүзеге асуда. Алдағы жылға Қызылөзек ауылдық округі және Бірқазан елді мекені «көгілдір отынмен» қамту жоспарға енгізілді.

# ЖАСАМПАЗ ЖОБАЛАРДЫҢ ОРДАСЫ

## ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

Соңғы жылдары қаламызда жол инфрақұрылымын дамыту бойынша қарқынды тірлік атқарылуда. «Жолдың жайын жүрген білер» демекші, қаламызда қатынауға қиын жолдар бар екені рас. Облыс орталығында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Қаламыздағы тақтайдай тегіс көшелер қала көріне көрік қосары сөзсіз.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен және облыс әкімінің үйлестіруімен Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды 1-санатқа ауыстыру бойынша жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. 2025 жылдың наурыз айында құрылысы басталады.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының 140 шақырымына реконструкциялау жұмысы жүргізіліп, қалған бөлігі алдағы 2025 жылы аяқталады.



Аймақ басшысының қолдауымен қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 36 млрд теңге қаралған. Бұл қаржыға 99 көшеге жол құрылысын салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс орталығының негізгі көшелері: Әуешайдан – Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға оңтүстік аудандардан келетін кіре беріс жолы, магистралды Ясауи, Жаппасбай батыр, Көшербаев көшелері төрт жолақтыға ауыстырылса, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы да кеңейтілуде.

Келер жылы еліміздің бас қаласы – Астана бағытынан кіретін Сағымбаев көшесіне қайта жаңғырту жұмыстары бастау алады.

Жаңадан Сыр самалы көшесі салынып, пайдалануға берілгені белгілі. Осындай бастама келер жылы да жалғасады. Яғни, Сырдария жағалауының бойынан Ескі базар мен Мерей шағын ауданы аралығына жаңа жол салу жоспарға енді.

Сонымен қатар қазіргі таңда құны 5.1млрд теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, қала мен Тасбөкет кентін

байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен өтетін автожол көпірінің құрылыстары салынууда.

Жобалардың қатарында жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру да бар. Яғни, осы жылы 2,3 млрд теңгеге 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынып, 1,4 млрд теңгеге 84 көше жарықтандырылды.

## ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА

Жалпы құрылыс – экономиканың негізгі драйвері десек, бұл тұрғыда Сырдың бас шаһары құрылыс қарқыны бойынша республикада алдыңғы орындардан көрінді. Алып құрылыс алаңына айналған Қызылорда заманауи келбетін қалыптастырып, сәулетіне көрік қосты. Сонымен қатар ең таза қалалар қосын бастап келеді. Жыл көлемінде бюджеттің барлық қаржы көздерінен және жеке инвесторлар арқылы 355,8 млрд теңгенің жобалары сәтті басталып, 113 млрд теңгесі игерілді. Атап айтсақ, Сыр өңіріне жасаған сапарында Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Қорқыт Ата әуешайының жаңа терминалын салтанатты түрде ашты. Жобаны іске асыруға Болат Өтемұратов қоры 16 млрд 600 млн теңге инвестиция салды.

Ал жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлініп, терминалға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізілді.

Мемлекеттің теңгерімдегі жаңа терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті.

Сонымен қатар құны 975 млн теңгені құрайтын заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынды. Аймақ басшысының қолдауымен алынған 300 жаңа автобус бағыттарға қосылып, қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешілді. Одан бөлек, құны 1 млрд теңгені құрайтын 100 экотакси қызылордалықтарға қызмет көрсетуде.

## ҚОНЫСТОЙ КӨП БОЛДЫ

Қала қарқынды құрылыс алаңына айналғаны белгілі. Биыл аймақ басшысының қолдауымен 2 032 пәтерлі 44 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оның ішінде 984 пәтерлі 18 тұрғын үй бюджет есебінен, 1048 пәтерлі 26 тұрғын үй жеке инвестициялар есебінен салынды.

Жақында ғана 7 қабатты 10 үй табысталды. Жалпы, жыл басынан бері 2 713 пәтер кілті берілген. Яғни, биыл баспаналы болғандар көп.

Қазіргі таңда қалада 68 тұрғын үй (60 көппәтерлі, 8 жеке жер үй) апаттық деп танылған. Аталған санат бойынша тұрғын үй алу кезегінде 673 отбасы тіркеуде тұр. Биыл 135 отбасыға жаңа пәтерлер сатып алынды. Келер жылы да тағы 135 отбасына жаңа пәтер сатып алу жұмыстары жүргізілетін болады.

Өткен жылы 773,8 млн теңгеге 12 тұрғын үй күрделі жөндеуден өткен болатын. Биылға 21 тұрғын үйді қайта жаңғырту үшін 1,9 млрд теңге қаралды. Құны 619,3 млн теңгеге 23 тұрғын үйдің аулаішілік жолдары жөнделіп, абағандырылды.

Тұрғындардың өтініші бойынша 25 көпқабатты тұрғын үйдің ауласында орналасқан балалардың ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті линеарлық панельмен қапталып, демеушілік есебінен 77 көпқабатты тұрғын үй мен бірнеше әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленді.

## ЖАЙЛЫ МЕКТЕП БАЛАҒА ЖАЙЛЫ

Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алтын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек қателеспейміз. Ол – қоғам дамуының кепілі. Білім беру саласында алға ұмтылмай артта қалу мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне, ұлттың келешегіне кері әсер етеді. Сондықтан да жыл сайын білім саласының сапасын көтеру бағытындағы іс-шаралар жалғасын тауып келеді. Аймақта балаларға қолдау көрсетуге, дамуына және өзін-өзі жетілдіруге барлық жағдай жасалған. Білімге салынған инвестиция – болашақ негізі. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауқымда жұмыстар атқарылды. Мәселен, қалада 5 мектеп салынууда.

Осыдан екі ай бұрын сол жағалаудан №290 орта мектеп пайдалануға берілді. Бұл білім ордасы «Жайлы мектеп» жобасы бойынша аймақта пайдалануға берілген алғашқы мемлекеттік білім беру ұясы. Осы уақытқа дейін қаланың басқа шағын аудандарына қатынап оқып жүрген 900-ден аса оқушы бүгінгі таңда жайлы мектептің игілігін көріп отыр. Үш қабатты мектеп бірнеше блоктан тұрады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды.

Сонымен қатар аймақ басшысының үйлестіруімен 8 млрд 400 млн теңгеге болатын дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты салынууда.

Биыл «КазГермунай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық Оқушылар сарайы пайдалануға берілді. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен 4 млрд 800 млн теңгеге жаңа музыкалық колледж салынууда. Ол келесі жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

## БАСТЫ МІНДЕТ – ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСARTY

Қаламызда денсаулық сақтау саласын дамыту барысында жүйелі іс-шаралар жасалған. Басты міндет халық денсаулығын жақсарту екендігін ұмытпағанымыз абзал. Осы бағытта ауқымды жобалар жүзеге асқан. Атап айтсақ, бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүрүде.

Жаңадан облыстық «Қан орталығы» пайдалануға берілді. Ауқымды жобалардың легі – заманауи 200 төсек орынға арналған перинаталдық орталық құрылысымен жалғасуда. Ел дансаулығы бәрінен маңызды. Сондықтан да ең маңызды шаруалардың атқарылуына жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар белсенді араласып, өз үлестерін қосуда. Бұл бірлесу жұмыс істегеннің нәтижесі деуге болады.

## МӘДЕНИЕТ – МӘҢГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

2024 жыл – Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланған. Игі бастамаға орай, мәдениет саласында ауқымды істер ұйымдастырылды. Мәселен, Руханият жылында көпфункционалды 1000 орындық «Өнер» орталығы пайдалануға берілді. Сондай-ақ Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдерінің көптен күткен тілегі – Жыраулар үйі ашылды. Бұл бағыттағы жұмыстар мұнымен тоқтап қалмақ емес. Жақында құны 2 млрд 300 млн теңгені құрайтын облыстық тарихи-өлкетану музейі бой көтерді.

Соңғы 2 жылда «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзив театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасакталды. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында құны 11 млрд теңгені құрайтын «Шығармашылық академиясының» құрылысы жүрүде. Сонымен қатар халықаралық стандарттарға сай 11 мың орындық Орталық стадион бой көтеруде. Жақын күндері 19 млрд теңгеге «ҚызылордаАрена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады.

«Самұрық қазына траст» қорымен бірге құны 3 млрд 400 млн теңге болатын үстел теннис орталығы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

## ЕЛДІ БІРІКТІРГЕН АКЦИЯ

Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында қалада санитарлық тазалық, абағандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Осы бағытта аймақ басшысының қолдауымен қалаға қарасты коммуналдық мекемелерге 53 арнайы техника алынды.

Қызылорданы жасыл қала ету мақсатында сала мамандарымен бірлескен жобалар іске асуда. Мысалы, қаланың көгалдандыруымен, көшеттер егіліп, арықтардың тазалығын қамтамасыз ететін «Жасыл Қызылорда» мекемесі жұмыс істеуде. Көркейту-көгалдандыру жұмыстары аясында апта сайын облыс орталығы әкімдіктерімен бірлесіп мемлекеттік мекеме ұжымдары, еріктілер мен волонтерлермен бірге сенбілік жүргізілуде.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған Орталық алаң демеуші есебінен 1 млрд теңгеге жаңғыртудан өтті.

Қала әкімдігі «Қорқыт Ата» атындағы Қызылорда университетімен бірлесіп, «Агро-биологиялық» бағын демалыс саябағына айналдыру жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күні қалалық мәдени және демалыс паркін жаңғырту жұмыстары басталса, жақын күндері дәл осындай бастама Тұңғыш Президент, Денсаулық, Батырхан Шөкенов атындағы саябақтары мен Қорқыт Ата мемориалы аллеясында жалғасын таппақ.

Сонымен қатар келер жылы Сырдария өзенінің үстінен Астана мөлтек ауданы мен Тұңғыш Президент және Денсаулық саябақтарын байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірін салуды жоспарланған.

## АЛДЫМЫЗДА АЙҚЫН МІНДЕТ ТҮР

– Алдымызда айқын міндеттеріміз бен анық жоспарларымыз бар. Келер жылы қаланың, оған қарасты кенттер мен ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған 142 жоба әзірленуде. Біздің басты мақсатымыз – басымдықтарды дұрыс белгілеп, барлық салалардың серпінді жұмыс істеуіне қол жеткізу, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

«Өткен жылға өкпе жоқ» дейді қазақ. Бұл орайда қала тұрғындарының өтіп бара жатқан жылға айтар алғысы шексіз десек, артық айтқандық емес. Көшесі тузу, заулім ғимараты көкпен таласқан, жарқын жобалар жүзеге асқан қала жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Жарқын жобалар келер жылы да жалғасын табары сөзсіз.

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

■ ЖЫЛ АКЦИЯСЫ

## ЖҮРТТЫ ЖҰМЫЛДЫРҒАН БАСТАМА

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Сыр өңірінде жыл бойы жалғасын тапты.

- Экологиялық бағдарламаны өңірде өткізудің облыстық іс-шара жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» тақырыптарында аталық шаралар ұйымдастырылды.
- Тазалық шараларына 600 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкері қатысты. Нәтижесінде 23 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, елді мекендердегі 505 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік нысан, 4332 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су айдыны, 47451 көше бойы және 6929 көпқабатты үй мен 40522 жер үйдің ауласы тазартылды. Оған 500-ден астам техника жұмылдырылған. Ал көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша өңір климатына жеріңген 129358 кара ағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.





2025 жыл – жаңа мүмкіндіктерге толы ерекше жыл болмақ. Болжамдарға сүйенсек, көптеген планета өзгерістер әкеледі деп жоспарланған. Жаңа жыл көпшілік үшін өзгерістер кезеңі болады, ал кейбіреулер үшін өмірлерін түбегейлі жаңғырту мүмкіндігі. Жаңа жылда өміріңізді жарқын сәттер көп болсын. Сізді 2025 жылы қандай өзгерістер күтіп тұр екен, оқыңыз...

# 2025: Жұлдыздар не дейді?

**Тоқты (21 наурыз – 19 сәуір)**  
2025 жылы өзін тұлағ ретінде әрі өмірдегі жолын өзгертуді. Бұрынғыдан да ақылды байыпты бола түседі. Тоқтылар мансап жолында жетістіктерге жетуі ықтимал. Егер бұған дейін сенімсіздіктен кей жобаларды кейінге қалдырсаңыз, енді сол идеяларды жүзеге асыратын уақыт келді. Жаңа серіктестермен ынтымақтастық орнатып, өз кәсібі деңгейіңізді көтеріңіз мүмкін. Сонымен қатар жеке өміріңізде күтпеген қуанышты жаңалықтар болуы мүмкін.

**Торпақ (20 сәуір – 20 мамыр)**  
Торпақтарды ілгері даму мен сынақ жылы күтіп тұр. 2025 жыл тұрақтылық пен молшылық кезеңі. Өміріңіздің материалдық қыры айтарлықтай жақсарды: күтпеген табыс, мүлік сатып алу немесе табысты инвестиция мүмкіндігі пайда болуы мүмкін. Бірақ бұл жыл денсаулығыңызға көңіл бөлуі талап етеді. Эмоционалдық жағдайыңызға басымдық беріп, күйзеліске берілмеуге тырысыңыз. Оқу мен мансапта жақсы мүмкіндік бар. Энергияңызды спортқа, ал эмоцияңызды шығармашылыққа жұмсаңыз.

**Егіздер (21 мамыр – 20 маусым)**  
Егіздер үшін 2025 жыл қарым-қатынасты нығайту мен даму жылы болады. Өзінгі сенімділікті арттырып, жаңа таныстықтар орнайды. Бірақ жеке өмірде үлкен шешімдер қабылдауға асықпаған дұрыс. Егіздердің назары мансап пен махаббатқа ауады. Қаржы жағынан біршама сынақ болады. Алайда жыл соңында бәрі дұрысталады.

**Шаян (21 маусым – 22 шілде)**  
2025 жыл шаяндар үшін отбасы мен жақындарына ерекше көңіл бөлемек. Сізге жақындарыңыздың қолдауы мен махаббаты маңызды. Үй сатып алу, жөндеу жұмыстары секілді жоспарларыңыз жүзеге асады. Олардың қызметте осуына және лауазымды адамдардың қамқорлығында болуына мүмкіндік бар. Отбасылық өмірде аздаған кідіріс орнайды. Десе де жыл ортасында бәрі жақсарды деп болжанған.

**Арыстан (23 шілде – 22 тамыз)**  
Арыстандар үшін 2025 жыл көшбасшылық қабілеттерін көрсетуге керемет мүмкіндік. Сізді көпшілік қолдап, өзіндік әлеуметтік мәртебеніңізді арттырасыз. Бұл жыл мансап пен қаржылық жетістіктер үшін қолайлы. Жұмыс пен бизнесте асықпай шешім қабылдауды талап етеді. Денсаулыққа көңіл бөлуге тура келеді. Табысқа кенелуде төзімділік таптықан жөн. Жыл соңында табыс артады. Бас ауруы, асқазанға қатысты мәселелер орын алуы мүмкін. Денсаулықты күтуді ұмытпаған жөн.

**Бикеш (23 тамыз – 22 қыркүйек)**  
Бикештер үшін 2025 жыл жеке дамуға және денсаулыққа ерекше көңіл бөлетін жыл. Жаңа әдеттер қалыптастыруға шешім қабылдайсыз. Өз саланыңда біліктілігіңізді арттырасыз. Отбасылық өмірде тепе-теңдікке қол жеткізесіз. Жылдың екінші жартысы махаббатқа ерекше оқиғалармен есте қалады. Сондай-ақ бикештер үшін кәсіби және қаржылық мүмкіндіктер жылы болмақ. Кәсіпкерлер күтпеген табысқа жетеді.

**Таразы (23 қыркүйек – 22 қазан)**  
2025 жылы қаржы саласында тұрақтылыққа қол жеткізесіз. Таразылар үшін махаббат пен серіктестік негізгі

тақырып болады. Жылдың алғашқы жартысы мансаптық өсуге арналса, екінші жартысы шығармашылықты дамытуға қолайлы. Жақындармен ара қатынасты күшейтуге көп көңіл бөлген жөн. Денсаулыққа көңіл бөліп, уақытылы тексертулерден өткен дұрыс.

**Сарышаң (23 қазан – 21 қараша)**  
Сарышаңдар үшін өзгеріске толы жылы. Қаржылық және кәсіби тұрғыдан үлкен жетістіктер болмақ. Сіздің бағыл шешімдеріңіз жаңа табыс әкеледі. Бірақ шамадан тыс жұмыс істеп, денсаулығыңызды ұмытпаңыз. Денсаулықты күту үшін уақытылы ұйықтауды әдетке айналдырған жөн. Жеке өмірде де қызықты өзгерістер болады: өміріңізді маңызды рөл атқаратын адаммен кездесуіңіз мүмкін.

**Мерген (22 қараша – 21 желтоқсан)**  
Мергендер үшін – саяхаттар мен білім алу жылы. Өз кәсібіңізді айтып үйреніңіз. Сол арқылы жетістікке жетесіз. Бұл жыл сіздің мансабыңызда серпіліс жасап, үлкен жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. Жеке қарым-қатынаста махаббат пен сыйластық орнайды. Отбасылық мәселенің екінші орнаған күйіне келіңіз. Өзіндік сүйікті ісінгізбен айналысыңыз жыл соңында табысыңыз еселей түседі.

**Тауешкі (22 желтоқсан – 19 қаңтар)**  
2025 жыл Тауешкілердің өмірін өзгертуді. Бәріне үлгеру үшін жоспар құрып, уақытты бақылауға алған жөн. Жеке өмірде тұрақтылық пайда болады. Өзінгі демалысқа уақыт бөліп, жан тыныштығына көңіл аударыңыз. Жақындарыңызбен байланыс нығая түседі. Күнделікті өміріңізді жеңілдетуге тырысыңыз. Энергияны көтеру үшін жаттығу залына барғаныңыз жақсы.

**Сұқұйғыш (20 қаңтар – 18 ақпан)**  
Сұқұйғыштар үшін шығармашылық пен инновация жылы. Сізге шабыт беретін идеялар пайда болып, оларды жүзеге асыру үшін жақсы мүмкіндіктер туады. Жеке қарым-қатынаста жаңа таныстықтар мен романтикалық оқиғалар күтіп тұр. Денсаулығыңызды жақсарту үшін спортқа көңіл бөліңіз. Бизнесте ортақ келісімге келуге мүмкіндік бар. Сұқұйғыштар осы жылы бойдағы талантын ашқаны дұрыс, сол арқылы айналыңыз міндетті түрде бағалайтын болады.

**Балықтар (19 ақпан – 20 наурыз)**  
Балықтар үшін рухани даму жылы болмақ. Күтпеген сыйлықтар мен табыс күтіп тұр. Жеке өмірде маңызды өзгерістер болуы мүмкін. Материалдық тұрғыдан қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан осы жылы үнемшіл болған дұрыс. Шығармашылыққа жақын жандар үшін сәтті жыл болады. Жеке өміріңіздегі өзгерістерден абайлаңыз. Алаяқтардан сақтанған жөн. Жоспарларыңызды ешкімге айтпаған дұрыс.



Дайындаған А.АЙТЖАНОВА

## Қызылорда қаласындағы және қалаға қарасты кент, ауылдық округтеріндегі қоғамдық медиаторлардың ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Мекен-жайы, байланыс телефоны	Медиацияны жүзеге асыратын тілі
<b>Қызылорда қаласы</b>			
1	Пирназаров Ақпантай	Қызылорда қаласы, Т.Жүргенов көшесі, 7 тел.: 27-76-16, 87055437816	қазақ
2	Ешмаханов Сақтаған	Қызылорда қаласы, Саулет 24 а, Дәуітбаев көшесі 19 тел.: 27-76-16, 87055437816	қазақ
3	Таутенов Ибадулла Айғалиевич	Қызылорда қаласы, Б.Уалиев көшесі, 25 тел.: 27-76-16, 87012172912	қазақ
4	Еримбетов Кенжалы Райымбекович	Қызылорда қаласы, Г. Мұратбаев көшесі, 73 тел.: 87059814556	қазақ
5	Канкожаева Шамшахар Жанхожаевна	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, О.Сейтменбетов көшесі, 9А тел.: 27-76-16, 87058338954	қазақ
6	Сахтағанов Талғат Түлекевич	Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, (Демесинов көшесі) үч. 4В, тел.: 8 701 707 67 61	қазақ / орыс
7	Бейсова Эльмира Дастановна	Қызылорда қаласы, Тайманов көшесі 3/2 тел.: 8 771 422 23 87	қазақ / орыс
8	Токбаева Мария Турганбаевна	Қызылорда қаласы, Альфараби м/а, Қазанат көшесі 30А, Тел.: 87713384545	қазақ / орыс
9	Абдикаримов Марат Ахметкаримович	Қызылорда қаласы, Тайманов көшесі №104/57 тел.: 87478858512, 87773369806	қазақ / орыс
10	Байғабылова Дина Болатовна	Демесинова көшесі 77Б/ 52 тел.: 87056690095	қазақ / орыс
11	Мұстақұл Кошербай Төлегенұлы	Қызылорда қаласы, Байтақ көшесі №38 тел.: 87774520069	қазақ / орыс
12	Нұржанова Айзада Сауранбайқызы	Қызылорда қаласы, Аширбеков көшесі 247 тел.: 87058245025	қазақ / орыс
13	Толыуова Гульзира Оразгельдиевна	Қызылорда қаласы, Саулет 8/47, тел.: 87759302284	қазақ / орыс
14	Ибадуллаева Мейрамгуль Агзамовна	Қызылорда қаласы, Арай 3 79 а/35, тел.: 87054123827	қазақ / орыс
15	Жандаулетова Ақмарал	Қызылорда қаласы, Айтбаева 29/32, тел.: 87021006525	қазақ / орыс
16	Алтай Нұргүл Нұрланқызы	Қызылорда қаласы, Қазақстан №82а Тел.: 87755752943	қазақ / орыс
17	Нуртаева Айнура Амангелдиевна	Қызылорда қаласы, Караша №29 тел.: 87774536435	қазақ / орыс
18	Прманов Маратбек	Қызылорда қаласы, Шугыла 53/28, тел.: 87077659251	қазақ / орыс
19	Тастаева Толқын Бақытовна	Қызылорда қаласы, Жаппасбай батыр 72а7, тел.: 87775843463	қазақ / орыс
20	Қалыбекова Светлана Нағашбекқызы	Қызылорда қаласы, Левый берег 70/10, тел.: 87754696735	қазақ / орыс
<b>Тасбөгет кенті</b>			
21	Арыстанов Ақылбек Тәжібайұлы	Тасбөгет кенті, М. Шокай көшесі, и/3, Тел.: 87014905734	Қазақ тілі
22	Тобағабалов Олжабай Жусупович	Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, №18/2 Тел.: 21-59-01, 8 705 960 89 07	Қазақ тілі
23	Сугралиева Сагира Сарсенбаевна	Тасбөгет кенті, Абай көшесі №33/1 Тел.: 21-54-20, 87717730861	Қазақ тілі
<b>Белкөл кенті</b>			
24	Қайруллаев Сартай	Белкөл кенті, Сүлеймен Ыбырайұлы көшесі, 28А, Тел.: 87059643466	Қазақ тілі
<b>Ақсуат ауылдық округі</b>			
25	Белгібаев Бисенбай Султанбаевич	Ж.Маханбетов ауылы, Н. Өткелбаев көшесі, №14 Тел.: 87073309977	Қазақ тілі
26	Абуов Омیرهрик Абуович	Ж.Маханбетов ауылы, О. Жақенов көшесі, №34 Тел.: 87771786915	Қазақ тілі
27	Нарикбаева Жамила Умерзаховна	Ж.Маханбетов ауылы, Н. Өткелбаев көшесі, №25 Тел.: 87088447086	Қазақ тілі
28	Жонбаев Дүйсенбек	Ж.Маханбетов ауылы, Ө. Құдлубаев көшесі, №18 Тел.: 87774517631	Қазақ тілі
29	Маханова Мафура	Ж.Маханбетов ауылы, А. Иманов көшесі, №32 Тел.: 87710345688	Қазақ тілі
<b>Қарауылтөбе ауылдық округі</b>			
30	Мырзабасова Наурызкуль	Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылдық округі, Қарауылтөбе ауылы, Желтоқсан көшесі №18А 87054034196	Қазақ тілі
31	Досмахан Аманкелді Досмаханұлы	Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылдық округі, Қарауылтөбе ауылы, Желтоқсан көшесі №2 87051435019	Қазақ тілі
<b>Талсуат ауылдық округі</b>			
32	Жаназаров Сламбек	Талсуат ауылы, А. Байкенежеев көшесі, №7 Тел.: 87019015487	Қазақ тілі
33	Нүрпейісов Бисенбай Тайлақұлы	Талсуат ауылы, А. Байкенежеев көшесі, №46 Тел.: 87774566744	Қазақ тілі
34	Ибраев Ақылбек Нұрлыбайұлы	Талсуат ауылы, А. Құнанбаев №29, тел.: 87765291884	Қазақ тілі
<b>Қызылжарма ауылдық округі</b>			
35	Ыдырысулы Қожахмет	Қызылжарма ауылдық округі, Ө. Махамбетов көшесі, 24, тел.: 8777397828	Қазақ тілі
36	Сағындықова	Қызылжарма ауылдық округі, Ө. Махамбетов көшесі, 24, тел.: 8774524455	Қазақ тілі
<b>Қосшыңырау ауылдық округі</b>			
37	Айпейсов Сабыртай Пирмашович	Қосшыңырау ауылдық округі, Абай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №47, 87770764255	Қазақ тілі
<b>Қызылөзек ауылдық округі</b>			
38	Қоқыбасов Сержан Бозымбайұлы	Қараөзек ауылы, А. Құнанбаев көшесі, №52 Тел.: 87082954538	Қазақ тілі
<b>Ақжарма ауылдық округі</b>			
39	Қазымбеков Темирбек Елешович	Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылы, А.Иманов көшесі, №14, тел.: 87072850837	Қазақ тілі
40	Ахметова Гульдариха Абубакировна	Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылы, Мәметова көшесі, №15, тел.: 87072850837	Қазақ тілі

## СПИСОК общественных медиаторов города Кызылорда

№	Фамилия, имя	Адрес, контактные данные телефон	Язык, на котором медиатор способен осуществлять медиацию
<b>город Кызылорда</b>			
1	Пирназаров Ақпантай	город Кызылорда, улица Т. Жүргенова, дом 7, тел.: 27-76-16, 87055437816	казахский
2	Ешмаханов Сақтаған	город Кызылорда, Саулет 24 а, улица Дәуітбаев дом 19, тел.: 27-76-16, 87055437816	казахский
3	Таутенов Ибадулла Айғалиевич	город Кызылорда, улица Б. Уалиев, дом 25, тел.: 27-76-16, 87012172912	казахский / русский
4	Еримбетов Кенжалы Райымбекович	город Кызылорда, улица Г. Мұратбаев, дом 73, тел.: 87059814556	казахский
5	Канкожаева Шамшахар Жанхожаевна	Город Кызылорда, кент Тасбөгет, улица О. Сейтменбетов, 9А, тел.: 27-76-16, 87058338954	казахский / русский
6	Сахтағанов Талғат Түлекевич	город Кызылорда, улица Мұратбаева, (Демесинов көшесі) үч. 4В, тел.: 87017076761	казахский / русский
7	Бейсова Эльмира Дастановна	Город Кызылорда, улица Тайманова дом 3, квартира 2, тел.: 8771422387	казахский / русский
8	Токбаева Мария Турганбаевна	Город Кызылорда, микр Альфараби, улица Казанат 30А, Тел.: 87713384545	казахский / русский
9	Абдикаримов Марат Ахметкаримович	Город Кызылорда, улица Тайманов №104/57, тел.: 87478858512, 87773369806	казахский / русский
10	Байғабылова Дина Болатовна	Город Кызылорда, улица Демесинова 77Б/52, тел.: 87056690095	казахский / русский
11	Мұстақұл Кошербай Төлегенұлы	Город Кызылорда, улица Байтақ №38, тел.: 87774520069	казахский / русский
12	Нұржанова Айзада Сауранбайевна	Город Кызылорда, улица Аширбеков 247, тел.: 87058245025	казахский / русский
13	Толыуова Гульзира Оразгельдиевна	Город Кызылорда, Саулет 8/47, тел.: 87759302284	казахский / русский
14	Ибадуллаева Мейрамгуль Агзамовна	Город Кызылорда, Арай 3 79 а/35, тел.: 87054123827	казахский / русский
15	Жандаулетова Ақмарал	Город Кызылорда, Айтбаева 29/32, тел.: 87021006525	казахский / русский
16	Алтай Нұргүл Нурлановна	Город Кызылорда, Қазақстан №82а Тел.: 87755752943	казахский / русский
17	Нуртаева Айнура Амангелдиевна	Город Кызылорда, Караша №29, тел.: 87774536435	казахский / русский
18	Прманов Маратбек	Город Кызылорда, Шугыла 53/28, тел.: 87077659251	казахский / русский
19	Тастаева Толқын Бақытовна	Город Кызылорда, улица Жаппасбай батыр 72а7, тел.: 87775843463	казахский / русский
20	Қалыбекова Светлана Нағашбекевна	Город Кызылорда, Левый берег 70/10, тел.: 87754696735	казахский / русский
<b>Кент Тасбугет</b>			
21	Арыстанов Ақылбек Тәжібайевич	Кент Тасбугет, улица М. Шокай, б/ч, тел.: 87014905734	казахский
22	Тобағабалов Олжабай Жусупович	Кент Тасбугет, улица Амангелди, №18/2, тел.: 21-59-01, 8 705 960 89 07	казахский
23	Сугралиева Сагира Сарсенбаевна	Кент Тасбугет, улица Абай №33/1, тел.: 21-54-20, 877177 0 61	казахский
<b>Кент Белкөл</b>			
24	Қайруллаев Сартай	Кент Белкөл, улица Сүлеймен Ыбырайұлы, 28А Тел.: 87059643466	казахский
<b>Аульный округ Ақсуат</b>			
25	Белгібаев Бисенбай Султанбаевич	Аул Ж.Маханбетов, улица Н. Уткелбаев, №14 Тел.: 87073309977	казахский
26	Абуов Омیرهрик Абуович	Аул Ж.Маханбетов, улица О. Жақенов, №34 Тел.: 87771786915	казахский
27	Нарикбаева Жамила Умерзаховна	Аул Ж.Маханбетов, улица Н. Өткелбаев, №25 Тел.: 87088447086	казахский
28	Жонбаев Дүйсенбек	Аул Ж.Маханбетов, улица А. Құдлубаев, №18 Тел.: 87774517631	казахский
29	Маханова Мафура	Аул Ж.Маханбетов, улица А. Иманов, №32 Тел.: 87710345688	казахский
<b>Аульный округ Қарауылтөбе</b>			
30	Мырзабасова Наурызкуль	Аул Қарауылтөбе, улица Желтоқсан №18А Тел.: 87054034196	казахский
31	Досмахан Аманкелді Досмаханович	Аул Қарауылтөбе, улица Желтоқсан №2 Тел.: 87051435019	казахский
<b>Аульный округ Талсуат</b>			
32	Жаназаров Сламбек	аул Талсуат, улица А. Байкенежеев, №7 Тел.: 87019015487	казахский
33	Нүрпейісов Бисенбай Тайлакович	Аул Талсуат, улица А. Байкенежеев, №46 Тел.: 87774566744	казахский
34	Ибраев Ақылбек Нұрлыбаевич	Аул Талсуат, А. Құнанбаев №29, тел.: 87765291884	казахский
<b>Аульный округ Қызылжарма</b>			
35	Ыдырысулы Қожахмет	Аульный округ Қызылжарма, улица О. Махамбетов, 24 тел.: 8777397828	казахский
36	Сағындықова	Аульный округ Қызылжарма, улица О. Махамбетов, 24 тел.: 8774524455	казахский
<b>Аульный округ Қосшыңырау</b>			
37	Айпейсов Сабыртай Пирмашович	Аульный округ Қосшыңырау, аул. Абай, Улица Абай Құнанбаев №47 тел.: 87770764255	казахский
<b>Аульный округ Кызылөзек</b>			
38	Қоқыбасов Сержан Бозымбаевич	Аул Қараөзек, улица А. Құнанбаев, №52 Тел.: 87082954538	казахский
<b>Аульный округ Ақжарма</b>			
39	Қазымбеков Темирбек Елешович	Аульный округ Ақжарма, аул Баймұрат батыр, улица А.Иманов, №14 тел.: 87072850837	казахский
40	Ахметова Гульдариха Абубакировна	Аульный округ Ақжарма, аул Баймұрат батыр, улица Мәметова, №15 тел.: 87072850837	казахский

Газеттің келесі саны 2025 жылдың 7 қаңтарында, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



**Бас директор**  
Марат АРАЛБАЕВ  
**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**  
**Бас редактор**  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Жарияланған орнабасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)  
**Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН**  
Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.